

"Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы сүйемелдеу ерекшеліктері"

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған ұсыныстар

Бұл ұсыныстар дамуында проблемалары бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға пайдалы болады.

1. Қорқыныш пен үмітсіздікті жеңуге тырысыңыз.

Дамуында проблемалары бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар қатты күйзеліске ұшырайды. Кейде оларды қорқыныш пен үмітсіздік билейді. Оларды жеңуге тырысыңыз. Тек балаңызға деген сүйіспеншілік пен шыдамдылық сізге ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2. Баланың әкесіне ұсыныс: әйеліңізге қолдау көрсетіңіз.

Баланың ерекше туылғаны үшін әйеліңізді кінәламаңыз. Әйеліңізге сіздің қолдауыңыз қажет. Мәселені екі ата-ананың ортақ күшімен шешу керек.

3. Баланың анасына ұсыныс: өзіңізге қамқорлық жасаңыз.

Сенетін достарыңыздан немесе туыстарыңыздан көмек сұраудан ұялмаңыз. Бір күн ішінде «өзіңізге» уақыт бөліңіз. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына қолдау көрсету тобын өз қалаңыздан немесе интернеттен табыңыз. Бұл жерде сізді қолдайтын және түсінетін адамдарды кездестіруге болады. Қажет болған жағдайда маманнан көмек сұраңыз.

4. Балаңыздың дамуындағы қиындықтарды қабылдауға тырысыңыз.

Көптеген ата-аналар баланың дамуындағы проблемаларды қабылдамайды. Мәселені жоққа шығару сізге және сіздің балаңызға зиянды. Сізде пайда болуы мүмкін жағымсыз эмоцияларға берілмеуге тырысыңыз.

5. Балаңызбен қарым-қатынаста белсенді болыңыз.

Дамуында проблемалары бар балалар пассивті. Сондықтан анасы баласына көбірек уақыт бөлу керек және оның тек табиғи қажеттіліктерін (тамақтандыру, жуындыру және т.б.) қанағаттандырумен ғана шектелмеу керек. Күн сайын балаға әртүрлі іс-әрекеттер ұйымдастыру қажет: онымен сөйлесу, ән айту, бірге ойындар ойнау және т.б. Балаңыздың барлық сезім мүшелерін белсендіруге тырысыңыз.

6. Мамандардың көмегін пайдаланыңыз.

Балаңыздың проблемаларын анықтау үшін медициналық тексеруден өтіңіз. Невропатологтан, балалар психиатрынан, офтальмологтан, отоларингологтан және педиатрдан кеңес алыңыз.

Дәрігерлердің ұсыныстарына құлақ асып, оларды нақты орындауға тырысыңыз. Дәрігерлер дәрі-дәрмектік терапияны тағайындайды және баланы одан әрі оңалту жөнінде ұсыныстар береді.

Бір ғана медициналық көмек жеткіліксіз екенін есте сақтаңыз. Психологиялық және педагогикалық түзету қажет. Мамандардың (дефектолог, логопед, психолог) көмегін сіз білім беру ұйымында немесе ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған мамандандырылған орталықтан ала аласыз.

7. Нәтижеге бағытталыңыз.

Шыдамдылық танытып, баланың қиындықтарын жеңуге бар күш-жігеріңізді салыңыз. Өзіңізге ешқашан «ештеңе шықпайды» деп айтпаңыз. Нәтижені бүгінгі күннің көзқарасы бойынша болжау қиын.

8. Балаңызды ол қандай болса, сол күйінде қабылдаңыз.

Балаңызды жақсы көріңіз. Оның ерекшеліктеріне байланысты бас тартпаңыз.